




24-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Өтпелі кезеңдегі ойлау дамуының  
ерекшеліктері





Өтпелі кезеңдегі ойлау дамуының жалпы проблемасының негізі — жасөспірімнің ең алғаш ұғымның қалыптасу процесін меңгеруі арқылы интеллектілік іс-әрекеттің жаңа және жоғары формасына — ұғымдармен ойлауға өтуінде жатыр. Жасөспірімнің интеллектілік даму маңызын бағаламау, интеллектілік сипатының эмоциялы және басқа да дағдарыстық жақтарымен салыстырғанда соңғы орынға қойылуы қазіргі уақыттағы өтпелі кезең теориясының көбіне тән нәрсе, бұл — өтпелі кезең теориясындағы күрделі құбылыс. Ұғымдардың қалыптасуы — күрделі процесс, ол интеллектілік функцияларының қарапайым жетілуіне ұқсамайды, сондықтан сырт көзге көріне бермейді. Біздің кезекті дәрісіміз осы тақырып аясында өрбімек.

Жыныстық жетілу кезеңінде жасөспірімнің ойлау дамуының орталығында ұғымның қалыптасуы тұрады. Бұл процесс ойлаудың мазмұн аймағында да, форма аймағында да шынайы революциялық өзгерістердің болатындығын білдіреді. Алдыңғы дәрісте әдіснамалық тұрғыдан, ойлау формасы мен мазмұны арасындағы үйлеспешілік болуы мүмкін еместігін атап өткен болатынбыз. Ойлаудың формасы мен мазмұны біртұтас процестің екі мезетін көрсетеді, олар кездейсоқ емес, маңызды, бір-бірімен іштей байланыста болады.

**«Ұғымдардың қалыптасуы жайында терең зерттеушілердің бірі — Н.Ах»** өз еңбегінде ұғымдар қалыптасуының күрделі онтогенездік сипатын дамыта отырып, өтпелі кезеңді ойлау дамуындағы шешімді де сапалы өзгеріс деп атап өтеді. Ахтың айтуы бойынша, психикалық дамудың интеллектілік процесіндегі тағы бір тез өтпелі фазаны белгілей аламыз. Ол жыныстық жетілу кезеңіне тура келеді. Жыныстық жетілу кезеңіне дейін балада осы сияқты абстрактілі ұғымның қалыптасу мүмкіншілігі жоқ болатындығы Г.Энгтің бақылауларында анықталған екен. Н.Ах абстрактілі ұғымдардың қалыптасуының екі негізгі факторын көрсетеді:

біріншіден, меңгерілетін білім мазмұнының әсері болса,  
екіншіден, жасөспірімнің зейініне бағытталған сөйлеу әсері.

Ол абстрактілі ойлау дамуына білімнің үлкен әсерін көрсеткен А.Грегор зерттеулеріне сүйенеді.

Выготский бұл зерттеулерді келесідей сипаттап жазады. Ах бойынша, жоғары сатыға өтуіне байланысты интеллектілік процесі, ұғымдармен ойлауға өту сияқты, ұғымдармен көрнекі ойлау және бейнелі ойлау шеңберін тарылта түседі. Бұл балаға тән ойлау тәсілінің жойылуына әкеледі де, оның орнына интеллектінің мүлдем жаңа түрі немесе типі құрылады.

Выготский зерттеуінің нәтижесінде жасөспірімнің жыныстық жетілуі кезінде интеллектілік даму жолына аса маңызды қадам жасаған, Ол кешендік ойлаудан ұғымдармен ойлауға өтеді. Ұғымдардың қалыптасуы және оған сүйеніп әрекеттену — міне, осы кезеңде табылатын маңызды жаңалық дейді автор. Жасөспірім ұғымдарында интеллект тек қана алдыңғы бағыттың жалғасы емес. Ұғым дегеніміз — бір-бірімен іштей байланысқан ассоциациялық топ емес дейді автор. Лев Семенович ол балалық сатыдағы интеллект дамуын сипаттайтын қарапайым процестер жиынтығы емес, ол жаңа сапалы құрылым дей келе, ұғымдармен ойлау дегеніміз — бұл интеллектілік іс-әрекеттің жаңа формасы, мінез-құлықтың жаңа тәсілі, жаңа интеллектілік механизм.

Выготский көптеген зерттеулерді сынап келе, жасөспірімнің интеллектінде жаңа құрылымының пайда болуын жоққа шығарғысы келетін және оның ойлауын үш жастағы баланың тереңдетілген, толықтырылған ойлауының жалғасы ретінде қарастыратын Ш.Бюлер де айқын байқалатын дәстүрлі көзқарас, ұғымдар, кешендер, синкреттік образдар арасындағы сапалы айырмашылықты аңғармайды дейді. Бұл көзқарастың негізінде интеллекті дамуының таза сандық тұжырымдамасы жатыр, бір қызығы ол ойлаудың жоғары формалары тек сандық, олар қарапайым функциялардан құрамындағы ассоциативті байланыстардың санына негізделеді деген Э.Торндайктың теориясына жақын келеді. Дәстүрлі психологиядағы өтпелі кезең жайында, нақ осы көзқарастың үстем болуына байланысты, біз ойлау дамуының үш сапалы өзгеше кезеңін қажет деп таптық. Зерттеуіміздің негізгі тақырыбы — жасөспірімнің ойлауы. Алайда ойлауды зерттеу барысында, анатом-зерттеушінің қандай да бір мүшенің әр түрлі даму кезеңдерінде кесуде осы қамаларды салыстыру арқылы бірінші кезеңнен екінші кезеңге дейін даму барысын белгілейтіні сияқты, біз әрдайым генетикалық кесу әдісін қолданып отырдық,

Выготскийді тек қана өтпелі кезеңдегі ойлау ерекшеліктерінің тізімі, жасөспірімде кездесетін интеллектілік іс-әрекет тәсілдерінің құралы, ойлау формасының бір-біріне деген сандық қатынастары қызықтырған жоқ, оның назары — ең алдымен, өтпелі кезеңдегі ойлаудың дамуы тудыратын маңызды жаңалықтарда болатынын ескере келе, оның қалыптасуындағы ойлау мәселесі еді. Оның мақсаты — осы жастың негізгі мазмұнын құрайтын дағдарыс пен ойлаудың жетілу процесін түсіну еді. Ол үшін



жасөспірімнің ойлауын алдыңғы сатылармен салыстыра отырып, ойлаудың бір формадан келесі формаға өтуін қарастыру керек болды. Салыстыру арқылы жасөспірімнің ойлауында жүретін түбегейлі өзгерісті, сол бір түбірімен қайта құруды белгілеуіміз керек деп есептеді. Выготский бұл үшін ойлау дамуының әр түрлі кезеңдеріне кесінді жүргізіп, әрі қарай салыстырмалы-генетикалық жолмен ойлаудың бір кезеңінен екінші кезеңіне өту барысын, шынайы қозғалыс процесін қалпына келтіру үшін осы кесінділерді бір-бірімен байланыстырды. Лев Семенович салыстырмалы-генетикалық тәсілмен қарастыру, генетикалық кесу әдісін — педологиялық зерттеудегі негізгі және басты әдіс ретінде таңдап алған.

Салыстырмалы зерттеуінің нәтижесін айта отырып, ғалым әрдайым ойлау онтогенезінің деректерін ғана емес, сонымен қатар оның филогенетикалық дамуына да, ауыру жағдайындағы ойлаудың ыдырауы мен генволюциясына да назар аударып отырған. Бұл орайда, ол интеллектуалды іс-әрекеттің жоғары формасының бірлігі принципін басшылыққа алған, Лев Семенович үшін ойлаудың негізгі құрылымы мен іс-әрекет заңдылықтары қалыпты және ауыру жағдайында бірдей болып қалады. Оларды басқаратын заңдылықтар әр түрлі жағдайға байланысты әр қилы нақты көрініс береді.

Ойлау іс-әрекетін қандай да бір аурудың барысындағы ойлаудың жалпы заңдылықтарының көрінуін ауруға байланысты туындайтын арнайы жағдайларда қарастырады. Сол кездегі психоневрологияда психикалық функциялардың ыдырауы мен инволюциясын түсінудің негізгі кілтті даму, ал бұл функциялардың ыдырауы мен дезинтеграциясын зерттеу — құрылым мен дамуды түсінудің негізгі кілт деген ойды тұжырымдайды. Сөйтіп, генетикалық негізде құрылған жалпы және патологиялық психология бірін-бірі өзара түсіндіріп отырады дейді.

Ғалымның ойына сүйенсек, жасөспірім ойлауының алдына бірқатар міндеттер қоя отырып, жаңа мазмұн әрекеттің жаңа формаларын, қарапайым функциялар үндесуінің жаңа формаларын, ойлаудың жаңа тәсілдерін әкеледі. Осы жаңа мазмұн өтпелі кезеңде мінез-құлықтың жаңа формаларын өзі тудырады. Жасөспірім алдында ұғымдармен ойлаумен қатар, объективті қоғамдағы сана әлемі, қоғамдық идеология әлемі айқара ашылады.

**Ғылым, өнер, мәдени өмірдің әр түрлі саласындағы шынайы мағынадағы таным барлығы бірдей ұғыммен ғана меңгеріледі.** Дегенмен де бала ғылыми шындықты меңгереді, бала белгілі идеологияны ұғынады, бала мәдени өмір ортасына бірігіп кетеді. Бірақ балаға осының бәрін толық меңгеру тән емес, сондықтан да бала жасалған мәдени материалды қабылдай отырып, оның жасалуына белсенді қатыспайды. Жасөспірім болса, керісінше, ұғымда ғана толық әрі терең көрінетін мазмұнды меңгеріп, алдынан ашылатын әр түрлі мәдени өмір ортасына белсенді және шығармашылықпен қатысады. Ұғымды түсінгенде ғана құбылыстың сыртында жатқан терең байланыстар әлемі, өмірдің ішкі салаларындағы күрделі өзара тәуелділік пен қарым-қатынастар әлемі ашылады. Бұл жаңа мазмұн жасөспірім ойлауына өзінен-өзі енбейді, ұзақ әрі қиын даму жолын басынан кешіреді. Ойлау мазмұнының кеңеюі мен тереңдеуіне байланысты, жасөспірім алдынан өткен және қазіргі әлем, адам баласының жаратылысы тарихы, өмірі айқара ашылады.

Осы ойларын тұжырымдай келе, Лев Семенович Блонский көрсеткендей, баланың бүкіл тарихы дегеніміз — оның ана құрсағы мен бесіктен бастап, оны тікелей қоршаған ортасының кеңеюі дейді. Сөйтіп, біз ортаның кеңеюімен баланың даму жолын анықтай аламыз деп ойын жалғастырады. Өтпелі кезеңдегі ортаның кеңеюі жасөспірімнің ойлау ортасының әлемі болуына әкеледі. Біздің білуімізше, осы ойды айтқан Ф. Шиллер белгілі екі шумақты өлеңінде бесігі өзіне шексіз болып табылатын сәби мен бүкіл әлемге сыймайтын бозбаланы салыстырады. Осы жерде автормен толық келусіге болады деп есептеймін.

Блонский дұрыс байқағандай, ең алдымен, ортаның негізгі өзгеруі оның қоғамдық өндіріске қатысуының кеңеюінен тұрады. Осыған қарағанда, ойлау мазмұнында, ең алдымен, қоғамдық өндірістің қандай да бір орнымен байланысқан қоғамдық идеологиясы байқалады. Оның айтуынша, таптық психология да бірден жинақталған емес, бірте-бірте дамып қалыптасқан. Оның толық дамуын біз, әрине, жасөспірімдік кезеңде, адам қоғамдық өндірістегі өз орнын табуға дайындалуда немесе өз орнын тапқанда байқаймыз. Лев Семенович оқушы мен бозбаланың тарихы дегеніміз — таптық психология мен идеологияның өте қарқынды дамуының тарихы дейді.

Осы тұста Выготский зерттеу жұмыстарын мысалға келтіреді. Ол таптық идеология мен психологияның пайда болу тәсілі, дамуы жайында кең таралған адасуларды Блонский әділетті көрсетеді деген. Әдетте, еліктеу инстинкті жасөспірімнің ойлау мазмұнының пайда болуы мен қалыптасуының негізгі механизмі ретінде қабылдайды. Еліктеу инстинктіне сілтеу, автордың дұрыс белгілегеніндей, баланың таптық психологиясының қалыптасуын түсінуді қиындатады. Тіпті баланың таптық психологиясы жайында



айтуға болады деп ойлайтын авторлардың өзі де, оның пайда болуын былайша елестетеді: еліктеу негізінде таптық психология қалыптасады, таптық идеал мен таптық мораль құрылады. Выготский егер еліктеуді әдеттегі психологиядағыдай түсінсек, бұл айтылғандар тіпті де дұрыс емес деген пікірде болғанын айтқан орынды.

Өз пікірін ғалым келесідей түсіндіреді. Әрине, таптық психология сыртқы еліктеудің нәтижесінде құрылмайды. Сөз жоқ, оның қалыптасу процесі тереңірек. Баланың таптық психологиясы сыртқы ортамен ынтымақтастық нәтижесінде қысқа әрі қарапайым көріністе және онымен ортақ өмір сүру, ортақ әрекет нәтижесінде жасалады. Қайталап айтамыз, таптық бірлік сыртқы еліктеудің нәтижесінде емес, өмірдің, әрекеттің жалпылығы мен қызығушылықтың ортақтығының нәтижесінде қалыптасады деп тұжырымдайды.

Осыдан шығатын қорытынды, Выготский таптық психологияның қалыптасуы еліктеу инстинктіне қарағанда, әлдеқайда тереңірек деген оймен келіседі. Блонскийдің осы процестегі негізгі және ортаңғы факторы өмірлік әрекет, қызығушылық ортақтығында деген ережесімен әрі қарай дауласудың керегі жоқ деп ойлай отырып, бұл процесті жалпы түсіндіруде маңызды бір жағдайдың ескерілмей қалғанын айта кетеді.

Әрине, өмірдің, ынтымақтастық пен қызығушылықтың ортақтығы жасөспірімнің алдына бірқатар міндеттер қояды, оларды шешу процесінде жасөспірімнің таптық психологиясы жаттығады және қалыптасады. Алайда, осы орайда, осы процесті жасайтын механизм мен интеллектілік іс-әрекет тәсілдерін көзден таса қалдыруға болмайды дейді автор. Өз еңбегінде, әйтпесе, біз ешқашан Блонский айтқан, өтпелі кезең дегеніміз таптық психология мен идеологияның қарқынды дамуы мен қалыптасу (көмкерілу) кезеңі деген құбылысқа генетикалық анықтама бере алмаймыз. Егер біз ұғымның қалыптасуын даму арқылы жасөспірімнің алдынан ойлаудың жаңа мазмұнын ашатын негізгі интеллектілік іс-әрекет ретінде есепке алмасақ, онда неге өмір мен қызығушылықтар ортақтығы бізді сәбилік шақта немесе мектепке дейінгі жастағы қарқынды дамуға әкелмейтіндігін түсіне алмаймыз. Ойлау мазмұнының дамуын генетикалық талдау барысында, ойлаудың мазмұн эволюциясы мен форма эволюциясының байланысын бір сәтте ойдан шығара алмаймыз. Сондай-ақ бүкіл жасөспірім психологиясының негізгі және орталық ережесін де ұмытпауымыз керек. Осылайша, Лев Семенович ұғымның қалыптасу функциясы осы жастағы интеллектілік өзгерудің барлық негізін құрайды деген тұжырымға келеді.

**Дәл ойлаудың жоғары формалары, оның ішінде логикалық ойлау, жасөспірімнің алдынан өз мағынасында ашылады.** Егер тіс ауысу кезеңінің өзінде баланың интеллектісі айтарлықтай күшті эйдетизммен ерекшеленетін болса, — дейді Блонский, — онда жасөспірімнің интеллектісі логикалық ұмтылысымен ерекшеленеді. Ең алдымен, бұл ұмтылыс сыншылдық пен пікірдің дәлелденуін талап етуінен көрінеді. Жасөспірім дәлелді қатты талап етеді. Жасөспірімнің ақылы нақтылыққа бейімделеді және нақты жаратылыстану, ботаника, зоология пәндері кейінге ысырылып, нақты әлемнің пайда болуы, адамзаттың пайда болуы деген сияқты жаратылыстанудың философиялық мәселелеріне орын беріледі. Сол сияқты өте қызықты тарихи нақты әңгімелерге қызығушылық кейінгі жоспарға ысырылады. Енді олардың орнына жасөспірім қатты қызығатын саясат иемденеді. Өнердің ең абстрактілі болып табылатын музыка жасөспірімнің ең сүйікті ісіне айналады.

Лев Семенович әлеуметтік-саяси дүниеге көзқарастың дамуы осы кезеңдегі жасөспірімнің ойлау мазмұнындағы өзгерістерге әсер етеді деген ой айтады. Бұл өзгерістер тек қана ең көрнекті және мазмұндысы болуы мүмкін. Блонскийдің айтуы бойынша, жасөспірім тек әлеуметтік таптың перзенті ғана емес, оның белсенді мүшесіне айналады. Осыған сәйкес жасөспірімдік жылдар — жасөспірімнің қалыптасуы алдымен, әлеуметтік-саяси дүниеге көзқарасының қалыптасу жылдары. Осы жылдары өмірге, адамдарға және қоғамға көзқарастың негізгі белгілері қалыптасады және қандай да бір әлеуметтік ұнату және жаратпаушылық пайда болады. Жасөспірімдік жылдар — өмірлік проблемалар жайында қатты бас қатыру дейді, — Блонский. Жасөспірім алдына өмірдің өзі ұсынатын проблемалар өмірге белсенді қатысушыдан ойлаудың жоғары формаларының ашылуын талап етеді.

### **Енді келесі қызықты жайтқа назар аударайық.**

Блонскийдің пікірінше, жасөспірімнің зияткерлігі математикаға бейімділігімен ерекшеленеді. Дегенмен, кең тараған көзқарас бойынша, жасөспірімдер математиканы меңгеруге аса машықтанбаған. Автор өз пікірін дәлелдеу үшін мектеп тәжірибесіне сүйенеді. Блонскийдің есептеуінше, 14—17 жас аралығы,



әдетте, мектепте жоғары және қарқынды түрде математикалық білім алу жылы болып табылады. Дәлірек айтсақ, адам математикалық білімінің негізін осы кезде меңгереді. Сол сияқты осы жаста физикаға да қатты күш салуы байқалады. Ең соңында, бұл жаста философиялық қызығушылық пен логикалық жүйелілік байқалады. Бірақ математикаға, физикаға, философияға, логикаға сүйіспеншілікті, яғни пікірлер мен дәлелдердің жүйелілігін, Э.Кречмер термині бойынша, «ой романтизмімен» қалай қиыстыруға болады. Ой романтизмі де жасөспірімге тән қасиеттердің бірі. Бұл қарама-қарсылыққа Блонский Кречмердің сөзімен жауап береді. Ойлаудың бұл екі құрылымы, өздерінің сыртқы айырмашылықтарына қарамастан, биологиялық қатынаста бір-бірімен тығыз байланысты.

Осы ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес Выготский Блонский көрсеткен мәлімет өте дұрыс деп ойлайды. Оны келесі сөздерімен негіздейді. Блонский математика, физика, философияға бейімділікке полюсаралық қосарлану тән деп, шизотимикалық темпераменттің ерекшеліктерімен түсіндіреді: бұл, бір жағынан, аса сезімтал, жоғары әсерленгіштік, сезімталдық, абыржығыштық және жан күйзелісі екінші жағынан, немқұрайлылық пен селқостық, — дейді. Сөйтсе де Кречмер жүгінетін ойлаудың осы екі типі аралығындағы биологиялық тектестік өтпелі кезеңде байқалатын «ой романтизмі» мен логикаланудың өзінше үйлесуінің негізі ретінде қызмет атқара ма екен деп ойлаймыз дейді автор. Берілген жағдайға генетикалық түсініктеме дұрыс деп тапқан Лев Семенович, егер біз болмыстың кеңеюін жасөспірім ойлауындағы ең алғаш меңгерген заттар мен құбылыстардың байланысы мен қатынасының тереңдеуін айтар болсақ, онда біз күшті логикалық әрекет пен оған тән “романтикалық ойдың» себебін түсінеміз дейді автор.

Выготскийдің ойынша, ұғымдар қалыптасуының фактісі мен оның жаңалығы — осы жаңа ойлау формасының аз бекіген, тұрақты дамымаған сипаты бақылаушылар көрсеткен қарама-қарсылықты түсіндіреді. Қарама-қарсылық — дамудың қарама-қарсылығы, өтпелі форманың қарама-қарсылығы, өтпелі кезеңнің қарама-қарсылығы деп түсіндіреді. Блонский байқаған жасөспірімнің тағы бір ерекшелігі — диалектикалығының тапшылығы, оның кез келген мәселені баламалы формада шиеленістіру тенденциясын да ойлаудың жаңа формасының дамымауымен, бекітілмеуімен түсіндіретінінде. Бұл жерде, ең алдымен, жасөспірім темпераментінің ерекшелігі емес, керісінше, сол бір қарапайым жағдайда диалектикалық ойлау дамудың ең жоғары кезеңі болып табылып, ұғымы енді қалыптасып келе жатқан жасөспірімге толықтай тән болуы мүмкін емес деп ойлаймыз. Сондай-ақ ұғымның қалыптасуымен бірге, жасөспірім ерте ме, кеш пе — әйтеуір, диалектикалық ойды меңгерудің даму жолына енеді. Ал дамудың осы соңғы әрі жоғары кезеңі интеллектілік іс-әрекеті енді ғана жаңа тәсілмен меңгеріп келе жатқан жасөспірімнің алғашқы қадамында болады деу ақылға қонбайды дейді автор.

## **Выготский тағы бір зерттеуге жүгінеді.**

Жасөспірімнің ойлау мазмұнындағы түпкілікті өзгеру мен қайта құру Гроостың зерттеуінен көрінеді. Ол ойлаудың бағытталуына, жасөспірімнің интеллектілік іс-әрекетінің жеке мазмұндарына жастың ықпалын зерттейді. Эксперимент арқылы Гроос дамып келе жатқан адамның қандай да бір ойлау процесіне байланысты әр түрлі жас сатысында қандай мәселе пайда болатындығын анықтағысы келеді. Сыналушыларға жеке ойлау тақырыптарын ұсынып, тақырыпты оқып болған соң, «Ең алдымен, сіз не білгіңіз келеді?» — деген сұрақ қойылған. Осы жолмен алынған мәселелер логикалық мүддеге сай жазып алынды, жинастырылды және жіктелді. Бұл зерттеулер арқылы олардың жас динамикасындағы, өсуіндегі үстем ететін логикалық мүдделері анықталды.

Зерттеудегі ең басты міндеттердің бірі — ойлаушы адамның қызығушылығы себепке ме әлде салдарға бағыттала ма, соны анықтау болып табылады. Ересек сыналушылар жас шамасының қай кезінде болмасын, ойлау ағысының ілгері — салдарға басымдылығы байқалса, балаларда басқа жағдайға қатысты мәселелер басым болған. Гроос салдарға қызығушылық интеллектілік даму жасымен көбейеді деген қорытындыға келеді. Алынған мәліметтердің негізінде Гроос бала мен бозбаланың ішкі рухани қызығушылығының дамуын көрсетеді, өйткені бір тақырыптағы әр түрлі жас шамасындағы прогрессивті және регрессивті үдеудің жоғарылауы ойлаудың логикалық қызығушылық бағытының өзгеруіне жас шамасының әсері болатынын айтады.

Выготскийдің келесі зерттеуі бала мен жасөспірімнің ойлауында пайда болатын мәселелердің табиғатына қатысты. Гроостың пайымдауынша, талқылаудың алдында әрқашан білімді талап ететін белгісіздік күйі болады. Біз өзімізге де іштей сұрақ қоямыз.

Сыртқы ауызша сұрау түрлеріне қарай сұрақтар екі түрлі болады: олар анықтау сұрақтары және шешу



сұрақтары. Толық белгісіздік қарапайым түсінбестікке сәйкес келсе, ол анықтау сұрағы. Ол іші тек қана жауапқа толатын ыдыс секілді. Мысалы: Мынау не? Ол қайдан келді? Ол кім болды, қашан, неге, не үшін, қандай мақсатпен болды? Мұндай мәселеге қарапайым «иә» немесе «жоқ» деп қана жауап беруге болмайды. Керісінше, шешу сұрақтарына “иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болады, өйткені сұрақтың өзінде жүзеге асырылуы берілген. Мысалы: Бұл сирек кездесетін өсімдік пе? Мынау Персиядан әкелінген бе?

Әсіресе өзіңе қойылған сұрақтың бұл түріне саналы тосу күйі тең келеді және кей жағдайда бұдан гипотетикалық қорытынды жасауға негіз болады. Көріп отырғанымыздай, шешім мәселесінде анықтағыш мәселеге қарағанда ақыл-ойдың белсенді әрекеті көрінеді және бұл бөлінудің көлеңкесінде пікірдің қос дәлелінің, айырмашылығының тамыры жатыр, олай болса оқушыда мәселенің үдеуіне бағытталған тәжірибеміздің нәтижесіндегі зерттеуге көңіл қояйық, Гроостың мәліметтері бойынша, балалардың өсу шамасына байланысты пікірдегі сұрақ саны да өседі. Өтпелі кезеңнің маңызды қасиеті — тек қана ойлау мазмұнының молаюы ғана емес, сонымен қатар осы мазмұнға сүйенген жаңа қозғалыс формалары, жаңа іс-әрекет формалары. Бұл тұрғыда ұғым құрылымындағы форма мен мазмұнның бірлігінің негізгі қасиеті шешуші маңызға не болды. Тек қана ұғымда теңбе-тең берілетін шындық аймақтары, байланыстар мен құбылыстар бар.

О.Кронның айтуы бойынша, жетіліп келе жатқан жас- өспірімнің алдынан психикалық әлем тұңғыш ашылады, барлық өсу кезеңінде оның зейіні тұңғыш басқа адамдарға бағытталады. Сәби шағындағы ішкі дүниесіндегі белгісіз әсерленуі енді ашылып, ол ойлау мазмұнында өте маңызды аймақты құрайды. Ішкі болмысқа күйзелісінің енуі өтпелі кезеңдегі ұғымның қалыптасу функциясына әсер етеді. Сөз басқаларды түсіну құралы ғана емес, өзін-өзі түсіну құралы болып табылады. Сөйлеуші үшін сөз туғанынан бастап өзін-өзі түсіну және өз қабылдауын апперцепциялау құралы болып табылады. Тек осының арқасында ғана ұғымның қалыптасуына байланысты өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі бақылау қарқынды дамиды, іштей шындықты, яғни өзінің ішкі дүниесіндегі күйзелісін тану басталады. В.Гумбольдтің дұрыс ескерткеніндей, ой тек қана ұғымда анық болады және жасөспірім тек ұғымның қалыптасуына байланысты ғана өзін-өзі танып, өзінің ішкі дүниесін шын мәнінде түсіне алады. Онсыз ой айқындыққа жете алмайды.

Сонымен дәрісімізді қорытындылай келе, ұғым — тану мен ұғынудың маңызды құралы бола отырып, жасөспірімнің ойлау мазмұнындағы негізгі өзгерістерге әкеледі. Біріншіден, ұғымдармен ойлау шындық негізінде жатқан ақиқатты басқаратын заңдылықтарды танудың, логикалық қатынастармен қоршау арқылы қабылданған әлемді жинастырудың терең байланыстарын ашады. Сөйлеу дегеніміз — құбылысты талдау мен жіктеудегі шындықты жинастырудың, қорытындылаудың айрықша құбылысы. Лев Семенович ұғымның белгілі таңбалары болып табылатын сөз арқылы нақты шындықты тани отырып, адам әлемнің байланыстары мен заңдылықтарын ашады деп тұжырымдайды.

### Қосымша әдебиет:

1. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014
2. Детская психология: учеб. пособие / Г.А.Урунтаева / - 2013